



**ДОСМУРАТОВА Куляш Абжалиевна -**  
**«Әлия» бөбекжай-балабақшасының**  
**меңгерушісі.**  
**Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы.**

Досмуратова Куляш Абжалиевна 2013 жылы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығының Алғыс хатымен марапатталды.

2014 жылы 26 ақпанында Украинаның Ольштын қаласында өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Магия кукольного театра» атты мақаласы жинақ кітапшасына енді. 2014 жыл Шымкент қаласы, «Өзін-өзі тану» пәні мен басқа оқу пәндерінің мазмұны мен әдістерін интеграциялау жолдары, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Ғылыми практикалық конференцияға мақаласы кітапшаға еніп, сертификат алды.

2014 жылы Мәскеу қаласындағы II-Халықаралық ғылыми конференциясында «Образование XXI века – основа формирования интеллектуального капитала нации» тақырыбында кітапшаға мақаласы еніп, сертификатын алды.

2015 жылы балабақшада Досмуратова Куляш Абжалиевна «Куыршак» театры жұмысын жүргізіп, Украина және Мәскеу қаласында жоғары деңгейде бағаланғаны үшін Қалалық білім беру бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

2015 жылы қала әкімі Ө.Т.Мақұлбаевтың Алғыс хатын алды.

2015 жылы «Маман даярлауда мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік шеберліктерін дамыту, әлеуметтік ортаға бейімдеу» атты облыстық семинарда «ОҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Арнаулы кәсіптік колледжі» медициналық-әлеуметтік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.Аяпбергенованың Алғыс хаты берілді.

2015 жылы Астана қаласы «Нұрсұлтан» әдістемелік кеңес беру орталығының «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру жолдары» атты тренинг-семинарға белсене қатысып Алғыс хатпен марапатталды.

2016 жылы Куляш Досмуратова Облыстық білім басқармасының басшысы Қ.Құлажановтың Құрмет грамотасын алды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы» ОҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 70 жылдық мерейтойына орай жоғары жетістіктері және педагогикалық инновациялардың дамуына елеулі үлес қосқаны үшін Л.Т.Искакованың Алғыс хатымен марапатталды.

2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің Алғыс хатын алды.

2017 жылы Куляш Досмуратова Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевтің Алғыс хатын иеленді.

2017 жылы балабақша бүлдіршіндері арасында өткен «Тәрбие басы – тіл» қалалық байқауына қатысып, ерекше өнерімен танылып, балабақша ұжымы I орын иеленді.

2017 жылы «22 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдер күні» мерекесіне орай өткен «Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі» фестиваліне қатысып, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, этностардың ана тілін дамыту және қолдауға үлес қосқаны үшін Кентау қаласы әкімінің орынбасары Р.Мыңбаевтың дипломымен «Әлия» бөбекжай-балабақшасы марапатталды.

2017 жылы ересек «Ласточка» тобының тәрбиеленушісі Медина Кентау қалалық білім беру бөлімі ұйымдастырған «Айгөлек» балалар шығармашылық фестиваліне қатысып, «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталды.

Егеменді елдің ертені оқу - білімнің тереңдігімен өлшенеді. Қазір барлық жерде әрбір ұлт өз салт-санасын, дәстүрлерін қалпына келтіріп, оны жас ұрпақтың ертеңгі болашағына жарату барысында игілікті шаралар атқарып отыр. Егер бүлдіршіндерімізді болашақта нағыз азаматтар қатарында көргіміз келсе, онда олардың бойына ұлттық сана-сезім, ақыл-тәрбие, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан асыл сезімдерімізді бойларына неғұрлым қазірден бастап ерте дарыта берсек онда күтер нәтиже де соғұрлым жоғары болмақ. Қазіргі күнде болашақ ұрпақты елінің сенімін ақтайтын нағыз патриот етіп тәрбиелеу мақсатында білім саласында «Мәңгілік ел» патриоттық актісін енгізілуі, балалардың жан-жақты өсуіне, елге, жерімізге, ата-

балаларымызға еліктеп өсуге ықпалы зор.

Жас кезден бастап бесік жырын естіп, аңыз әңгімелерді әбден құлағына сіңіріп өскен жас ұрпаққа қайда жүрсе де отанды, еңбекті, тілін сүюді ешқашан жадынан шығармайды. Сондықтан, мейірімділік пен адалдық, үлкенді құрметтеу өз ұрпағының бойына сіңіру ардақты қадір қасиет. Мектеп жасына дейінгі балаға «Отан», «Туған жер» дегенімізді тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси, мәдени орта екенін, ол халықтың тұрмысын, еңбегін ұлттық дәстүрмен байланысты екенін таныту арқылы қарапайым адамгершілік сезімін дамыту басты мақсатымыз болмақ. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, ата-бабамыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланған. Бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, үлкен үміт артқан.

Жас ұрпақты намысшылдыққа, ерлікке отаншылдыққа - «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», кішіпейілділікке - «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің», әділдікке - «Алты күн аш болсаң да, атаңның әдетін сақта», өнерлі болуға - «Шебердің байлығы қолында», деп өнерліні құрмет тұтуға, туған жер, табиғатын, ерлік дәстүрін сүюге тәрбиелеген.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен «Балапан» бағдарламасы жарияланып, барлық балаларды балабақшамен қамтамасыз етуге тапсырма бергенін үлкен қамқорлық деп түсінеміз. Бағдарламаның негізгі мақсаты балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды ұлғайту болып табылады.

«Әлия» бобекжай-балабақшасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Халық педагогикасы балабақшада» атты дәстүрлі іс-шара ұйымдастырылды. Мақсат бірнеше ғасырларға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты еңбекке, өмірдегі ең жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу.

Отбасы тәрбиесі өте күрделі жүйе. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға жағынан қалыптастыру.

Ұлттың басты құндылығы – ана тілі. Ана тілінің абыройының асқақ, мәртебесінің биік болуы – бәріміз үшін маңызды. Баланың ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын молайтуға, ауыз әдебиеті үлгілері, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардың, халық ойындарының тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Балабақшаның «Балбөбек» бағдарламасында білім саласында ауыз әдебиетінің үлгілерін үйретуге баса назар аударылған. Онда оқыған ертегі, әңгіме мазмұны жүйелі байланыстырып, әңгімелеп беруге үйрету. Ертегі мазмұнында кездесетін кейіпкерлерінің іс-әрекетіне сай образды сөздер мен диалогтарды, кейбір өлең шумақтарын бұлжытпай жатқа айта білуге, екі адамның диалогында кездесетін сұрақ, қорқыныш талап-тілектерді білдіретін сөздерге дауыс екінін дұрыс қойып, мәнерлеп айта білу талап етілген. Әрине, ауыз әдебиеті үлгілерінің балаларды таныстыру үшін ең алдымен оқылатын материалдың көлемі, мазмұны балаларды қызықтыратындай, жалықтырып жібермейтіндей шағын болуы керек. Мәнерлеп оқу, айту балаларды анық та, айқын сөйлеуге үйретумен бірге олардың сөздік қорын байыта түсуі сөзсіз. Өйткені ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы ғажайып ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар тәрбие әліппесі, өнер көзі.

Ойын дегеніміз, жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын төзімділікті алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, іздемпаздылықты, іскерлікті, дүние танымның өсуіне басқа да толып жатқан қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. Сондықтан ойынды пайдалану үлкен нәтиже берері анық. Ұлттық ойындар сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып дамыған.

Ойын - өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың дене күші артады, қолы катаяып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректігі тапқырлығы, ынтасы арта түседі. Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «ойлауды қажет ететін» ойындарға жатады. Балабақшада өтілетін қимылдық ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Балаларға арналған ойын түрлері мысалы: «Айгөлек», «Қанталапай», «Арқаласпақ», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Бес тас», т.б. ойындар балалардың дене бітімінің ғана емес, ақыл-ойының жаттықтырушысы. Ойын тек адамның дене күш-қуатын молайтып, оны мол шындыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Төрт бес жастағы балалар топ-топ болып, өзара бірігіп ойнағанды жақсы көреді. Олардың ойындарын да баланың ептілігі мен сезімдері, сұлулық жайындағы түсініктері, ақыл-парасаттың қалыптасуымен төзімділігі де, тіпті, олардың бар болмыс сипаттары түгелдей көрініп жетіле түседі.

Баланың қуанышы мен реніші ойын барысында айқын көрінеді. Оның көзіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектепке дейінгі ұлттық тәрбие-балалардың сана-сезімін патриоттық мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі-халықтың ұлттық ойындары көпсалалы, көпқырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиелеушілердің рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелігін негізгі құралдардың бірі.

Баланы жастайынан бастап әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді игеруге, ұлттық құндылығымызды дамытып, халық өнеріне баулу балабақша мен отбасындағы тәрбиенің негізгі көзі болуы тиіс. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз деп түсінеміз.

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

**ҮЗДІК  
БАЛАБАҚША  
МЕҢГЕРУШІСІ**